

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қаратал селосы
« Ш.Берсиев атындағы орта мектебі » КММ

030904 Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қаратал ауылы,
Ж.Жүсібалиев көшесі 2.

Тел: 8 (71332)73-0-28,73-0-92 e-mail:sh.bersiev@mail.kz

Бұйрық № 48/1

29.08.2024ж

«Аттестаттаудың мерзімін ұзарту туралы»

« Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы негізінде, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Педагогтерді аттестаттаудан өткізудің кейбір мәселелері туралы» 2024жылғы 16 сәуірдегі №79бұйрығының 3, 4 тармақшасына сәйкес

- Су тасқыны салдарынан табиғи сипаттағы төтенше жағдай режимі енгізілген өңірлердің педагогтерін тестілеу аталған режим алынып тасталғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізілсін.


- Су тасқыны салдарынан табиғи сипаттағы төтенше жағдай режимі енгізілген өңірлерде тұрғын үйінен айырылған ағымдағы жылы аттестаттауға жататын төмендегі педагогтердің аттестаттау кезеңі 1 (бір) күнтізбелік жылға шегерілсін, 2025 жылдың қыркүйек айына дейін ұзартылсын.

1. Мырзағалиева Айнұр Сандигалиевна – бірінші санат – 24.04.2025 дейін
2. Дауленова Айымгүл Кеңесовна – бірінші санат 24.04.2025 дейін
3. Берсиева Мейрим Ерболысовна – жоғары санат 31.08.2025 дейін
4. Ибрашева Гулнур Куанышкалиевна – педагог –зерттеуші 31.08.2025 дейін

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау өз құзырыма қалдырылсын.

Мектеп директоры:  Г.Ә.Максимова

Таныстым:





III. Берсиев атындағы орта мектебі бойынша
Педагог кадрларды аттестаттау комиссиясының отырысы.

29.08.2024 ж

Хаттама № 1

Күн тәртібінде:

«Біліктілік санатын ұзарту туралы»

Қатысушылар:

Комиссия төрағасы: Г.Максимова - мектеп директоры

Хатшы Г. Жумалиева - педагог-ассистент

Мүшелері:

1. Г. Алиева - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2. Жармағанбетов Е- педагог-зерттеуші
3. Исаева Д - педагог-зерттеуші
4. Жауынбаева И - педагог-зерттеуші
5. Максұт Қ - педагог-зерттеуші
6. Орак А –аудандық білім бөлімінің әдіскері

Қаралды:

Мектеп директоры Г.Максимова және комиссия мүшелері « Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі , қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы негізінде, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Педагогтерді аттестаттаудан өткізудің кейбір мәселелері туралы» 2024жылғы 16 сәуірдегі №79бұйрығының 3, 4 тармақшасына сәйкес 1) су тасқыны салдарынан табиғи сипаттағы төтенше жағдай режимі енгізілген өңірлердің педагогтерін тестілеу аталған режим алынып тасталғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізілетіндігін. 2)су тасқыны салдарынан табиғи сипаттағы төтенше жағдай режимі енгізілген өңірлерде тұрғын үйінен айырылған ағымдағы жылы аттестаттауға жататын төмендегі педагогтердің аттестаттау кезеңі 1 (бір) күнтізбелік жылға шегерілетіндігі, жарамдылық мерзіміне сәйкес ұзартылатындығын түсіндіріп өтті.

1. Мырзағалиева Айнұр Сандигалиевна – бірінші санат – 24.04.2025 дейін
2. Дауленова Айымгүл Кеңесовна – бірінші санат 24.04.2025 дейін
3. Берсиева Мейрим Ерболысовна – жоғары санат 31.08.2025 дейін
4. Ибрашева Гулнур Куанышкалиевна – педагог –зерттеуші 31.08.2025 дейін

Сөйлеушілер.

Г.Алиева: Заңнамаға сәйкес педагогтар өздеріне берілген мүмкіндікті қолдануға құқылы. Аталған педагогтар өз санаттарына сәйкес білікті ұстаздар. Оларға қосымша берілген мерзім уақытында тиімді пайдаланып аттестаттау кезеңіне дайын болады деп үміт артамын.

Қ.Мақсұт: Төтенше жағдайға байланысты кейбір педагогтерда жеке отбасылық ауыртпалықтарға байланысты, баспанасыз қалғандықтан аттестаттау кезеңін ұзарту мүмкіндігі берілген дұрыс деп ойлаймын. Алдағы аттестаттау кезеңіне педагогтар тиянақты дайындалып, өз қоржындарын жетістіктерге толтырып дайындалуы керек.






Д.Исаева: педагогтарды таяу арада кәсіби деңгейін көтеруге жұмылдыруға әдістемелік көмектер беріледі деп сендіремін.

Қаулы:

1. Мырзағалиева Айнұр Сандигалиевна – бірінші санат, Дауленова Айымгүл Кеңесовна – бірінші санат, Берсиева Мейрим Ерболысовна – жоғары санат, Ибрашева Гулнур Куанышкалиевна – педагог –зерттеуші, аталған педагогтардың қолданыстағы біліктілік санаттары күнтізбелік бір жылға ұзартылсын.
2. Аталған педагогтар 2024-2025 оқу жылында жүйелі жұмыстанып, өз біліктіліктерін көтеруі жолға қойылсын және әрбір бірлестік жетекшісі осы мақсатқа жұмыстансын.

Комиссия төрағасы:  Г.Максимова - мектеп директоры

Мүшелері:

 Г. Алиева - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
 Жармаганбетов Е- педагог-зерттеуші
 Исаева Д - педагог-зерттеуші
 Жауынбаева И - педагог-зерттеуші
 Мақсұт Қ - педагог-зерттеуші
 Орақ А –аудандық білім бөлімінің әдіскері

Хатшы Г. Жумалиева - педагог-ассистент



БҰЙРЫҚ

2024 ж. 16 сәуір

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *49*

город Астана

**Педагогтерді аттестаттаудан
өткізудің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелген) **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу мерзімдері және біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімдері 2024 жылғы 17 сәуір мен 1 қыркүйек аралығы болып белгіленсін.

2. Педагогтерді аттестаттау үшін педагогтердің білімін бағалауды (бұдан әрі – тестілеу) жүргізу мерзімдері бірінші рет тегін 2024 жылғы 18 сәуір мен 13 мамыр аралығы, екінші рет ақылы негізде 5640 (бес мың алты жүз қырық) теңге мөлшерінде 2024 жылғы 10 - 31 шілде аралығы болып айқындалсын.

✓3. Су тасқыны салдарынан табиғи сипаттағы төтенше жағдай режимі енгізілген өңірлердің педагогтерін тестілеу аталған режим алынып тасталғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізілсін.

✓4. Су тасқыны салдарынан табиғи сипаттағы төтенше жағдай режимі енгізілген өңірлерде тұрғын үйінен айырылған ағымдағы жылы аттестаттауға жататын педагогтерді аттестаттау кезеңі 1 (бір) күнтізбелік жылға шегерілсін.

5. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Ұлттық тестілеу орталығы) (келісім бойынша) «U-FUTURE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (келісім бойынша) бірлесіп, тестілеуді өткізу рәсімін ұйымдастырсын.

6. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес тестілеуді өткізу пункттерінің тізімі;

2) осы бұйрыққа 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес апелляцияларды қарау жөніндегі комиссиялардың құрамы;

3) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес белгіленген талаптарға сәйкес тестілеуді өткізуді қамтамасыз ету үшін байқаушылардың тізімі бекітілсін.

7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және автоматтандыру департаменті (М.Б. Маралбаева):

1) тестілеуді өткізу кезеңінде жүйенің жұмыс қабілеттілігіне және тестілеу жүйесін алдын ала тексеруге жауапты адамдарды айқындасын;

2) тестілеуді өткізу кезеңінде тестілеу жүйесіне араласудың және осалдығы мен мүмкіндіктеріне тексеруді қамтамасыз етсін.

8. Ұлттық тестілеу орталығы (Б.С. Абдрасилов) (келісім бойынша):

1) тест тапсырмаларының базасын дайындасын;

2) тестілеуден өту қағидаларын бұзғаны үшін педагогтерді дербес жауапкершілігіне қатысты оларды таныстыру үшін келісім бағдарламалық жасақтамаға енгізуді қамтамасыз етсін;

3) 2024 жылғы 17 сәуірге тестілеуге өтініштерді тіркеу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді дайындасын;

4) тестілеуге онлайн-режимде қатысу үшін өтініштерді қабылдауды 2024 жылғы 17-20 сәуір аралығында бірінші рет, екінші рет – 2024 жылғы 9-12 шілде аралығында ұйымдастырсын;

5) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитетіне (бұдан әрі - ОБК), Техникалық және кәсіптік білім беру департаментіне (бұдан әрі - ТЖКБ), Мектепке дейінгі білім департаментіне (бұдан әрі - МДБД), Инклюзивті және арнайы білім беру департаментіне (бұдан әрі - ИЖАББД), Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментіне (бұдан әрі - ТЖҚББД) өтініштерді қабылдау барысы туралы күнделікті статистика берілсін;

6) Қағидалардың талаптарына сәйкес нәтижелерді беру, өңдеу және апелляциялық рәсімдерді жүргізуге тестілеуді ұйымдастырып, сүйемелдеу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуге өзгерістер енгізісін;

7) тестілеу процесін бақылауды жүзеге асыру мақсатында жедел шешім қабылдау үшін ұйымдастырылған Ұлттық тестілеу орталығы жанындағы Ахуалдық орталықтың жұмысын қамтамасыз етсін;

8) тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға өтініштерді қабылдауды ұйымдастырсын;

9) апелляциялық комиссияның жұмысын 2024 жылғы 13 – 31 мамырда, екінші рет 2024 жылғы 22 шілде мен 9 тамыз аралығына дейін ұйымдастырсын;

10) ОБК-ға, ТЖКБ-ға, МДБД-ға, ИЖАББД-ға, ТЖҚББД-ға апелляцияларды қарау жөніндегі апелляциялық комиссияның жұмысы аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылсын.

9. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (Е.Н. Дауенов):

- 1) тестілеуді өткізу кезінде бақылауды;
- 2) педагогтердің тестілеуді тапсыру және іске қосу кезінде білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік департаменттері өкілдерінің қатысуын;

3) тестілеуді өткізу кезінде бейнебақылау камералары істен шыққан жағдайда осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тестілеу бақылаушыларының педагогтер аудиториясына қолжетімділігін қамтамасыз етсін.

10. Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары (келісім бойынша):

1) білім беру ұйымдары педагогтерінің өмірі мен денсаулығын сақтаудың шараларын қабылдап, біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін жүргізу жөніндегі аттестаттау комиссиясының жұмысын қамтамасыз етсін;

2) аудандық және қалалық аттестаттау комиссиясының жұмысына бақылауды күшейтсін.

11. «U-FUTURE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша):

1) сағат 8.00-ден бастап осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тестілеу байқаушыларына тестілеуді өткізу пунктіне кіруге рұқсат берілсін;

2) тестілеуді өткізу қағидаларының сақталуын;

3) Ұлттық тестілеу орталығына тестілеуді өткізу процесінің бейнежазбаларына қол жеткізуді;

4) жылдамдығы 100 Мбит/с болатын компьютерлермен және бөлінген интернет байланыс арналарымен;

5) желілік қауіпсіздікті, сенімділікті және қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жаңа буын қосқыштарымен;

6) компьютерлердің, байланыстар арнасының және Интернет байланысының үздіксіз және сапалы жұмысын;

7) әрбір компьютер алдыңғы web-камерамен;

8) тестілеудің жұмыс орындарында рұқсат етілмеген қол жеткізу фактілерін болдырмау үшін тестіленушінің алдыңғы бұрышына бағытталған биометриялық тану жүйесінің және жүйеге қосылған бейнебақылау камераларының болуын;

9) бейнені жазуды қамтамасыз ететін жалпы бейнебақылау жүйесімен 1,3 MP (960p) HD ажыратымдылық форматының сапасынан төмен емес, тестілеу процесіне тартылған аймақтарда орнатылған бейнебақылау камераларынан (бір жыл ішінде) бейнежазбаларды сақтау (әрбір тестіленушінің жұмыс орны, тестілеу залдарына кіру тобы);

10) Ұлттық тестілеу орталығына бейнежазбаларды беру (көшіру) және деректерді сақтау жүйесін;

11) ұялы байланыс сигналдарын сөндіргіштермен, металл іздегіштермен және бетті тану жүйесімен (тестілеу кезінде);

12) тестілеуге кірер уақытта педагогтерді металл іздегішпен тексеруді жүзеге асыру;

- 13) Ұлттық тестілеу орталығының Ахуалдық орталығы үшін трансляцияны;
 - 14) тестілеуді өткізу кезіндегі ақпараттық қауіпсіздікті;
 - 15) техникалық құралдардың үздіксіз жұмысын бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлермен;
 - 16) тестілеуді жалғастыру және аяқтау үшін электр энергиясы өшірілген жағдайда компьютерлердің үздіксіз жұмыс істеуі үшін жеткілікті қуаты бар генераторлармен;
 - 17) тестілеуді өткізу пункттерінің базасында өңірлік тестілеу орталықтары объектілерінің санитариялық-гигиеналық талаптарына сәйкестігін;
 - 18) ылғалды жинауды тұрақты жүргізуді;
 - 19) диспенсерлі ауыз сумен, гигиена құралдарымен (сабын, дәретхана қағазы) және қажетті шығын материалдарымен (қалам, әрбір тестіленушіге А4 қағаз парағы бойынша, тестіленіп жатқан кандидаттардың санын ескере отырып, бір рет қолданылатын пластикалық стакандар);
 - 20) өңірлерде орналасқан тестілеу өткізу пункттерінде үміткерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау шарттарын;
 - 21) тестілеу кезінде сыбайлас жемқорлық әрекеттерін болдырмаудың барлық шараларын алуды;
 - 22) тестілеу кезінде медицина қызметкерлерінің кезекшілігін қамтамасыз етсін.
12. Тестілеудің ақпараттық жүйесінің жұмысын бақылау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту вице-министрі А.А. Уразоваға жүктелсін.
13. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Н.В. Жумадильдаеваға жүктелсін.
14. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Оқу - ағарту министрі



Бейсембаев